23225076623

ҰЙҒАРЫМ

2025 жылғы 09 желтоқсан №5165-25-00-2/2945 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.С.Кәрім, талап қоюшы «ОрдаСтройПроект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер «Ремстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне сәйкестік туралы декларациясына қосалқы мердігер туралы мәліметті енгізуді міндеттеу және қарыз соманы өндіру туралы талап қоюымен қозғалған азаматтық ісін қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Талап қоюшы жоғарыда көрсетілген талаппен сотқа жүгінген, онда жауапкерге 2019 жылғы 27 маусымдағы «Шымкент қаласындағы Азат тұрғын алабында инженерлік желілер (тартылатын газ құбырын) салу» нысаны бойынша №55/4 қосалқы мердігерлік шарт негізінде 2021 жылғы 26 қарашадағы сәйкестік туралы декларациясына қосалқы мердігер ретінде «ОрдаСтройПроект KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі туралы мәліметті енгізуді міндеттеуді және 544 532 теңге қарыз сомасын өндіруін сұраған.

2025 жылғы 21 қарашадағы сот ұйғарымымен жоғарыды көрсетілген азаматтық іс бойынша тараптар арасында медиативтік келісім бекітілген.

Алайда, сот ұйғарымының қарар бөлігінің тараптар арасында бекітілген медиациялық келісім шарттарының 1-бөлігінде нысан атауы «Шымкент қаласындағы Азат тұрғын алабында инженерлік желілер (тартылатын газ құбырын) салу» орнына «Қызылорда облысы Қазалы ауданы Әйтеке би кентіндегі тұрғын үйлерге газ құбыры желілерін жеткізу құрылысы жұмыстары» - деп қате көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 235-бабының 2-бөлігіне сәйкес сот өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын адамдардың арызы бойынша шешімде жіберілген қате жазуларды және анық арифметикалық қателерді түзете алады.

Осыған байланысты сот ұйғарымының қарар бөлігіне түзету енгізуді қажет деп санайды.

АПК-нің 235, 268-269-баптарын басшылыққа алып, судья

ҰЙҒАРЫМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «ОрдаСтройПроект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер «Ремстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне сәйкестік туралы декларациясына қосалқы мердігер туралы мәліметті енгізуді міндеттеу және қарыз соманы өндіру туралы талап қоюымен қозғалған азаматтық ісі бойынша 2025 жылғы 21 қарашадағы сот ұйғарымының қарар бөлігіне түзету енгізілсін.

«1. Жауапкер 2019 жылғы 27 маусымдағы «Қызылорда облысы Қазалы ауданы Әйтеке би кентіндегі тұрғын үйлерге газ құбыры желілерін жеткізу құрылысы жұмыстары» нысаны бойынша №10/2 қосалқы мердігерлік шарт негізінде 2021 жылғы 26 қарашадағы сәйкестік туралы декларациясына қосалқы мердігер ретінде «ОрдаСтройПроект KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі туралы мәліметті 2025 жылғы 29 қарашаға дейін енгізуге міндеттенеді» орнына «1. Жауапкер 2019 жылғы 27 маусымдағы «Шымкент қаласындағы Азат тұрғын алабында инженерлік желілер (тартылатын газ құбырын) салу» нысаны бойынша №55/4 қосалқы мердігерлік шарт негізінде 2021 жылғы 26 қарашадағы сәйкестік туралы декларациясына қосалқы мердігер ретінде «ОрдаСтройПроект KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі туралы мәліметті 2025 жылғы 29 қарашаға дейін енгізуге міндеттенеді» - деп түзетілсін.

Ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына жеке шағым беруі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Б.С.Кәрім**

Құжатқа қол қойылған: Кәрім Б. С., 09.12.2025